

**Федоров ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 104 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 наурызда № 6893 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 8-тармағына сәйкес, Федоров аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Федоров ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*V сессияның төрайымы,  
аудандық мәслихат  
хатшысының міндетін  
атқарушы*

*О. Ковалева*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Федоров ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ В. Гринак